

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Ш.М. Айтжанова



«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің

2025-2026 оқу жылының қыркүйек айындағы тәрбие жұмысы бойынша
өткен іс-шаралардың есебі

«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айындағы тәрбие жұмысы бойынша өткен іс-шаралардың есебі

Мақсаты:

Оқушылардың тұлғалық дамуын, ұлттық құндылықтарды, патриоттық сана мен салауатты өмір салтын қалыптастыру, құқықтық және рухани-адамгершілік тәрбие беру.

2025 жылдың 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім- мейірім мекені!» тақырыбында 1 сынып бүлдіршіндеріне арналған салтанатты жиын өтті. 1 қыркүйек — бірінші сынып оқушылары үшін ерекше мереке. Биыл мектеп табалдырығын алғаш аттаған 4 бүлдіршінді Қорғалжын ауданы бөлімінің әдіскері Нарын Аяжан Серікқызы алғашқы қадамдарымен құттықтап, білім жолында сәттілік тіледі. Бүгінгі алғашқы қоңырау күні құтты болсын! Биылғы оқу жылы зейінді де білімді оқушыларымыз көп болсын!

2 қыркүйек күні “Менің Отаным-Қазақстан” тақырыбында 1-9 сынып оқушылары үшін сынып сағаттары өтті.

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында аптаның әр дүйсенбі күндері ҚР Әнұраны орындалып, қалған күндері «Таңғы жаттығу» өткізіледі.

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында аптаның әр жұма күндері Ұлттық киіммен мектепке келіп, спорт түрлерін насихаттау және оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп оқушыларына үлкен үзіліс уақытында «Асық ату», тоғызқұмалақ, арқан тарту, бес асық т.б ойындар ойнатылады. Іс-шараға балалар ерекше қызығушылық танытып, белсене қатысады. Іс-шара оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайтып, ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттыруға өз септігін тигізді.

9 қыркүйек күні Дүниежүзілік тоғызқұмалақ күні және Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай 7-8 сыныптар арасында тоғызқұмалақ ойынынан челлендж өткізілді.

Ұйымдастырған: денешынықтыру пәнінің мұғалімі. М.Мұхтаров

11 қыркүйек күні 8–9 сынып оқушылары арасында “Терроризм мен экстремизм – қоғамға қауіпті құбылыс” тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты:

- Оқушыларға терроризм, діни экстремизм ұғымдары туралы түсінік беру;
- Жастарды жат идеологиядан сақтау, құқықтық сауаттылықтарын арттыру;

- Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бағытындағы жауапкершілікті түсіндіру. Жиналыс барысында оқушыларға терроризм мен экстремизмнің зияны туралы бейнематериал көрсетіліп, нақты мысалдар келтірілді. Мұғалімдер мен әлеуметтік педагог террорлық әрекеттердің салдары, заң аясындағы жазалар туралы ақпарат берді.

Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, ашық пікір алмасу болды.

Қауіпсіздік шаралары, күдікті жағдай туындаған кезде не істеу керек екені түсіндірілді (төтенше жағдай кезіндегі әрекет алгоритмі айтылды).

“Құқықбұзушылықтың алдын алу”, “Есірткі қылмысының алдын алу”, “Интернет алаяқтықтың алдын алу”, “Жыныстық қатынастың алдын алу” “Буллингтің алдын алу” тақырыптарында 5-9 сынып оқушылары арасында жиналыс өтті.

Мақсаты:

- Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру

- Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу

- Заң алдындағы жауапкершілік туралы түсінік қалыптастыру.

Жиналысқа аудандық полиция инспекторы Н. Рахметова қатысып, жасөспірімдер арасында жиі кездесетін құқықбұзушылық түрлері туралы, олар үшін қарастырылған заңдық жауапкершілік жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, оқушыларға кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта көшеде жүруі, қоғамдық тәртіпті бұзу, мектеп ережелерін сақтамау секілді мәселелерге байланысты нақты мысалдар келтірілді. Сұрақ-жауап жүргізіліп, оқушылар белсенділік танытты.

12 қыркүйек күні отбасы күніне орай бастауыш сынып оқушыларымен және ата - аналарымен "Мен және менің отбасым" атты психологиялық тренинг өтті.

Мақсаты: Отбасылық құндылықтарды түсіндіре білуге, бала мен ана қарым - қатынасын нығайтуға, мектеп өміріне атсалысып, тәрбие отбасынан басталатынын насихаттау.

12 қыркүйекте Қорғалжын ауданының азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері "Қорғалжын ауылының Ұялы ауылының негізгі орта мектебі" КММ-нің оқушылар мен оқытушылар құрамын эвакуациялау объектісінің әкімшілігі мен техникалық персоналының іс-қимылдарын пысықтау бойынша «Өрт» сигналы шартты түрде пайда болған жағдайда объектілік жаттығу өткізілді. Жаттығу өткізу барысында оқушылар мен оқытушылар құрамын эвакуациялау бойынша шаралар қабылданды. Барлығы 15 адам эвакуацияланды, оның ішінде 16 оқушы, 8 оқытушы және техникалық персонал. Жалпы мектеп әкімшілігі мен ұжымын және оқушыларды мектеп ғимаратынан эвакуациялау кезінде үйлесімді іс-қимылдар көрсетті. Жаттығу қорытындысы бойынша Қорғалжын ауданы азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мектеп оқушыларын эвакуациялау бойынша қосымша нұсқаулықтар мен сабақтар өткізіп, жадынамалар таратылды.

Сондай-ақ білім беру объектілерінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

16 қыркүйек күні 1-9 сынып оқушыларымен "Досболайық" бағдарламасы аясында "Біз - мейірімді сыныппыз!" Тақырыбында онкүндік аясында оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты:

- Оқушыларға буллинг және кибербуллинг туралы түсінік беру
- Әркімнің жеке құқығын құрметтеуді қалыптастыру
- Достық қарым-қатынасты нығайтып, психологиялық қауіпсіз орта құру.

2025 жылдың 19 қыркүйек күні "Мектеп пен ата-ананың бірлескен іс-әрекеті – оқушының табысты дамуының кепілі" тақырыбында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті.

Мақсаты:

Ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруда бірлескен әрекеттің маңызын түсіндіру.

Жиналыс барысында

1. Мектеп директоры: Айтжанова Шынар Мухамедиевна оқу жылының негізгі мақсат-міндеттерімен таныстырып, оқушылардың сапалы білім алуы жолында ата-анамен тығыз байланыс қажеттігін атап өтті.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М.Боранбаева ӘБ тәрбие бағытындағы жұмыстар, ішкі тәртіп ережелері мен оқушылар қауіпсіздігі жайлы баяндама оқып, бейнероликтер ұсынды.

3. Мектеп психологы: Т. Сартбай, ата-аналармен ашық пікір алмасу ұйымдастырып, сергіту тренингін ұйымдастырды

2025 жылдың 19 қыркүйек күні "Буллингке жол жоқ" тақырыбында флешмоб 7-8 сынып оқушыларымен ұйымдастырылды.


Мақсаты: * Мектеп оқушылары арасында буллингтің алдын алу, достық қарым-қатынас орнату және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру.

Іс-шара барысы:

Республикалық флешмоб аясында: мектеп психологы: Т. Сартбай, оқушыларға буллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қорытынды:

Қыркүйек айында жоспарланған барлық тәрбие шаралары толықтай өткізілді. Оқушылар белсенділік танытты. Әр іс-шара оқушылардың тәрбиесіне, танымына оң ықпал етті.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:  М.Боранбаева